

"Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласының шалғайдағы елді мекендерінде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдау схемасын және тәртібін бекіту туралы" 2015 жылғы 18 қыркүйектегі № 1647 Петропавл қаласы әкімдігінің қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласы әкімдігінің 2021 жылғы 14 сәуірдегі № 540 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 16 сәуірде № 7295 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабына, Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 шілдедегі "Автомобиль көлігі туралы" Заңының 14-бабы 3-тармағының 3-1) тармақшасына және Қазастан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндептін атқарушысының 2015 жылғы 26 наурыздағы № 349 "Автомобиль көлігімен жолаушылар мен багажды тасымалдау қағидаларын бекіту туралы" бұйрығымен бекітілген Автомобиль көлігімен жолаушылар мен багажды тасымалдау қағидаларына (нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11550 болып тіркелген) сәйкес Петропавл қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Петропавл қаласы әкімдігінің "Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласының шалғайдағы елді мекендерінде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдау схемасын және тәртібін бекіту туралы" 2015 жылғы 18 қыркүйектегі № 1647 қаулысына ("Қызылжар нұры", "Проспект СК" газеттерінде 2015 жылғы 13 қарашада жарияланды, нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3426 болып тіркелді) келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулының 1, 2-қосымшалары осы қаулының 1, 2 -қосымшаларына сәйкес жаңа редакцияда баяндалсын;

Петропавл қаласының шалғайдағы елді мекендерінде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдау тәртібі осы қаулының 3-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда баяндалсын.

2. Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіpte қамтамасыз етсін:

1) осы қаулының "Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігі Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулыны оның ресми жарияланған күнінен кейін Петропавл қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Петропавл қаласының әкімі

Б. Жұмабеков

Петропавл қаласы әкімдігінің

2021 жылғы 14 сәуірдегі

№ 540 қаулысына

1 қосымша


Петропавл қаласы әкімдігінің

2015 жылғы 18 кыркүйектегі

№ 1647 қаулысына

1 қосымша

Лесхоз ауылының балаларын "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің "Петропавл қаласының білім бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі "№ 26 мектеп-балабақша" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне тасымалдау сыйбасы



Шартты белгілер:

- Айналмалы қозғалыс
- Темір жолдардың түйісуі

Маршруттың жалпы ұзындығы-21 шақырым 700 метр

Петропавл қаласы әкімдігінің

2021 жылғы 14 сәуірдегі

№ 540 қаулысына

2 косымша


Петропавл қаласы әкімдігінің

2015 жылғы 18 кыркүйектегі

№ 1647 қаулысына

2 косымша

"Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің "Петропавл қаласының білім бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі "№ 27 орта жалпы білім беретін мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне ПМС -175 балаларды тасымалдау сызбасы



Шартты белгілер:

||| - Реттелмейтін жолдардың түйісүі

Маршруттың жалпы ұзындығы - 5 шақырым

Петропавл қаласы әкімдігінің

2021 жылғы 14 сәуірдегі

№ 540 қаулысына

3 қосымша

Петропавл қаласы әкімдігінің

2015 жылғы 18 кыркүйектегі

№ 1647 қаулысына

3 қосымша

Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласының шалғайдағы елді мекендерінде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдау тәртібі

1. Жалпы ережелер

1. Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласының шалғайдағы елді мекендерінде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың осы Тәртібі (бұдан әрі – Тәртіп) "Автомобиль көлігі туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 шілдедегі Заңының 14-бабы 3-тармағының 3-1) тармақшасына, "Автомобиль көлігімен жолаушылар мен бағажды тасымалдау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 26 наурыздағы № 349 бүйрүғына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11550 болып тіркелген).

2. Тасымалдаушыларға және автокөлік құралдарына қойылатын талаптар

2. Балаларды тасымалдау осы Тәртіптің талаптарына сәйкес жабдықталған автобустармен, шағын автобустармен және әрбір балаға отыратын жеке орын беріле отырып жүзеге асырылады.

3. Балаларды тасымалдау мынадай жағдайда ұйымдастырылады егер: автомобиль жолдарының өткізу қабілеті автобустардың тұрақты қозғалысын жүзеге асыруға мүмкіндік берсе;

Автомобиль жолдарының жай-күйі және олардың жайластырылуы жол жүрісі қауіпсіздігінің талаптарына сәйкес болған жағдайда.

4. Балаларды тасымалдау үшін мынадай жүргізушилерге рұқсат етіледі:

1) жасы жиырма бес жастан кем емес, тиісті санаттағы жүргізуши куәлігі және жүргізушиның бес жылдан кем емес жұмыс өтілі бар;

2) автобустың жүргізушиі ретінде кемінде соңғы үш жыл үздіксіз жұмыс өтілі бар;

3) соңғы жыл ішінде еңбек тәртібін және жол қозғалысы ережелерін өрескел бұзбаған.

5. Балаларды тасымалдау үшін бөлінген автобустардың техникалық жай-күйі, техникалық қызмет көрсету өткізудің көлемдері мен мерзімдері, жабдықтары "Автомобиль көлігі туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 шілдедегі Заңының 13-бабы 23-10) тармақшасына сәйкес автомобиль көлігі саласында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органмен бекітілетін Автокөлік құралдарын техникалық пайдалану қағидаларының талаптарына жауап беруі тиіс.

Балаларды тасымалдауға арналған автобустардың кемінде екі есіктерінің және мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау объектілерінің халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге, гигиеналық нормативтерге және (немесе) техникалық регламенттерге сәйкестігін (сәйкес еместігін) куәландыратын құжатының болуы, сондай-ақ мыналармен:

1) автобустың алдында және артында орнатылуы тиіс "Балаларды тасымалдау" деген төрт бұрыш айыратын белгімен;

2) сары түсті жылтыр шағын маягымен;

3) әрқайсының сыйымдылығы кемінде екі литр болатын оңай алынатын өрт сөндіргіштермен (біреуі - жүргізушиңін кабинасында, басқасы – автобустың жолаушылар салонында);

4) екі алғашқы көмек дәрі қобдишаларымен (автомобильді);

5) екі жылжуға қарсы тіректермен;

6) авариялық тоқтау белгісімен.

6. Балаларды тасымалдау кезінде пайдаланылатын автобустарда, шағын автобустарда мыналар болуы тиіс:

1) ешқандай кедергісіз ашылып, жабылатын жолаушылар салонының есіктері мен авариялық люктер. Есіктерде өткір немесе олардың бетінен алыс түрған шығыңқы жерлер болмауы тиіс;

2) жабық жай-күйде жүргізушиңін кабинасы мен жолаушы салонына жауын-шашынның тұсуін толық болдырмайтын тәбе, авариялық люктер және терезелер;

3) берік бекітілген тұтқалар және отырғыштар;

4) жолаушыларға арналған креслолардың отырғыштары мен арқалықтарының таза және жыртықсыз тыстары;

5) тегіс, шығыңқы жерлері немесе бекітілмеген бөлшектері жоқ баспалдақтары мен салонның едені.

Салон еденінің жамылғысы жыртықсыз материалдан жасалуы тиіс;

6) шаңнан, кірден, бояудан және олар арқылы көруді төмендететін өзге дезаттардан тазартылған терезелердің мөлдір шынылары.

7) жылдың сүйк мезгілінде жылытылатын және ыстық мезгілінде желдетілетін, құрал-сайман және қосалқы бөлшектер тиелмеген жолаушылар салоны.

Кемінде төрт дөңгелегі бар және М санатындағы, сондай-ақ жолаушылар мен бағажды тасымалдау үшін пайдаланылып жүрген көлік құралдары шұғыл қимылдайтын жедел қызметтерді шақыру құрылғыларымен жарақтандырылады.

7. Автокөлік құралдарын пайдалану тасымалдаушиның міндетті азаматтық-құқықтық сақтандыру шарттарындағы жауапкершілікті орындаған жағдайда жүргізіледі. Сондай-ақ міндettі сақтандыруға тасымалдаушиның жолаушылар алдында жол жүру және жүк тасуға арналған автокөлікті пайдалану барысында, олардың өміріне, , денсаулығына, мүліктеріне зиян келтірмеу жөніндегі азаматтық-құқықтық жауапкершілігі жатады.

3. Балаларды тасымалдау тәртібі

8. Оқу орындарына тасымалдауды ұйымдастыру кезінде тасымалдаушы жергілікті атқарушы органдармен және оқу орындарының әкімшілігімен бірлесіп бағыттарды және балаларды отырғызуудың және түсірудің ұтымды орындарын белгілейді.

9. Автобусты күтіп тұрған балаларға арналған алаңшалар, олардың жүріс бөлігіне шығуын болдырмайтындей жеткілікті үлкен болуы тиіс.

10. Балаларды оқу орындарына тасымалдауға Тапсырыс беруші балаларды отырғызу және түсіру орындарының жай-күйін тұрақты түрде (айна кемінде бір рет) тексереді.

11. Егер балаларды тасымалдау тәуліктің қараңғы мезгілінде жүзеге асырылса, онда алаңшалардың жасанды жарығы болуы тиіс.

Тәуліктің жарық мезгілінде балаларды автобуспен тасымалдау фаралардың жақын қосылған жарығымен жүзеге асырылады.

Алаңдарда жайластырылған өту жолдары болуы және жолаушыларды және бағажды автомобильмен тұрақты тасымалдау маршруттарының аялдама пункттерінен бөлек орналасуы тиіс.

Күзгі-қыскы кезеңде алаңдар қардан, мұздан, кірден тазартылуы тиіс.

12. Балаларды тасымалдау кезінде автобустың жүргізушісіне:

1) сағатына 60 километр артық жылдамдықпен жүруге;

2) жүру бағытын өзгертуге;

3) балалар бар автобус салонында қол жүгі мен балалардың жеке заттарынан басқа кез келген жүкті, бағажды немесе жабдықтарды тасымалдауға;

4) автобуста балалар болған кезінде, соның ішінде балаларды отырғызу және түсіру кезінде автобус салонынан шығуға;

5) автобуспен артқа қарай қозғалысты жүзеге асыруға;

6) егер ол көлік құралының өздігінен қозғалуын немесе оны жүргізуі жоқ болғанда пайдалануын болдырмау шараларын қолданбаса, өз орнын тастап кетуге немесе көлік құралын қалдыруға рұқсат берілмейді.

Балаларды тасымалдаған кезде жүргізуши:

1) автобус қозғалысының белгіленген маршрутынан ауытқымайды және белгіленген жылдамдық режимдерін бұзбайды;

2) қозғалыс барысында автобусты басқаруда алаңдамайды (сөйлеспейді, тамақ ішпейді, кабинада қатты музика қоймайды);

3) тасуға тыйым салынған нәрселерді, заттарды және материалдарды автобуста алып жүрмейді;

4) топырақ жолдарға шығып кетпейді және олармен жүрмейді (балаларды ауылшаруашылық жұмыстарына және демалыс орындарына, сондай-ақ жолды жөндеу және қайта жаңғырту жұмыстарын жүргізу кезінде тасымалдаған жағдайдан басқа).

13. Балаларды автобусқа отырғызу автобус толық тоқтағаннан кейін отырғызу алаңында еріп жүрушілердің басшылығымен және жүргізушінің бақылауымен жүргізіледі.

14. Жүргізушіге отырғызу (түсіру) орнынан автобустың қозғалысын еріп жүруші отырғызу (түсіру) аяқталғаны туралы хабарлағаннан және автобустың есіктері толық жабылғаннан кейін ғана бастауға рұқсат етіледі.

15. Еріп жүрушілер автобусқа отырғызу және одан түсіру кезінде, автобус қозғалысы кезінде, аялдама кезінде балалар арасында тиісті тәртіпті қамтамасыз етеді.

4. Корытынды

16. Осы шалғайдағы елді мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдау Тәртібімен реттелмеген қатынастар қолданыстағы заңнамаға сәйкес реттеледі.